



“Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы” КММ  
“Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы” КММ



**Мұхтар Шаханов**  
**80 жыл**

**Дүлей дауылдың дауылпаз ақыны**

*Ақтөбе - 2022*

## ***ҒҰМЫРНАМА***

1942 жылы 2 шілдеде Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Шілік ауылында дүниеге келген. КСРО Жазушылар Одағының мүшесі (1969), КСРО Жазушылар Одағының пленум мүшесі (1978), «Жалын» альманахының (1984), «Жалын» жастарға арналған альманахтың бас редакторы (1986), Қазақстан халқы жазушысы (1996) Қазақстан жазушылар Одағы Басқармасының хатшысы (1986), Республикадағы тұңғыш құрылған экологиялық қозғалыс - Арал және Балқаш проблемалары жөніндегі қоғамдық комитеттің төрағасы (1988), 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі аясында қазақ халқына «ұлтшыл» деп кінә таққан КОКП Орталық комитеті Саяси Бюросының қаулысына қарсы және сол Желтоқсан кезіндегі шындықты қалыптастыру жөнінде тұңғыш рет Қазақстан Жазушылар Одағының Пленумында (1988), КСРО халық депутаттарының I съезінде (Кремль 1989) батыл мінез көрсетті. КСРО билігі бұған құлақ аспаған соң белгілі ғалым, Нобель сыйлығының лауреаты, А.Сахаровтың, кейіннен Ресейдің тұңғыш Президенті болған Б.Ельциннің қолдауымен бұл проблеманы КСРО Жоғарғы Кеңесінің бірінші сессиясында екінші рет қайта көтеріп, КСРО Президенті М.Горбачевты Желтоқсан оқиғасын зерттеу және оған түбегейлі баға беру жөнінде жаңа комиссия құруға мәжбүрледі. Бұл комиссия КСРО билігі жүріп тұрған кездің өзінде-ақ КОКП комитетінің Саяси Бюросына бірінші боп саяси айып тақты....

М.Шаханов 1926 жылы ислам дінінің қалдығы деген желеумен Кеңестер Одағының тоталитарлық жүйесі тойлауға тыйым салған. «Наурыз» мерекесінің 62 жылдан соң қайта салтанат құруына мұрындық болды (1989). 1989 жылы 22

қараша Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі орыс және қазақ тілдеріне бірдей мемлекеттік дәреже берген заңды қабылдап, тіпті оған дүркірете қол соғып қойғанда, екінші рет қайта шығып сөйлеп, депутаттарды қазақ тілін жеке мемлекеттік тіл жасауға үндеді және қабылданған заңның үлкен зардабы болатыныны ескертті. М.Шаханов ұсынысы Президенттің қолдауымен дауысқа қайта салынып қазақ тілі жекедара мемлекеттік мәртебе иеленді. Ақын оңғы жылдары «үш тұғырлы тілге» де, тікелей қазақ халқын және республикадағы аз ұлттарды тікелей жоюға алып баратын, басытауын «американдық ұлттан» алатын «Қазақстандық ұлтқа» да батыл қарсылық танытып келеді.

М.Шаханов 1989-1991- жылдар аралығында КСРО халық депутаты, КСРО Жоғары Кеңесінің мүшесі, 1990-1993 жылдары – республика Жоғары Кеңесінің, 2004-2007 жылдары Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланды.

1992 жылы М.Шаханов Олжас Сүлейменовпен бірлесіп «Халық конгресі» партиясын құрды. Бірақ екі тілде тәрбиеленген екі тұлға арасында ұлттық мүдде мен космополиттік ағым жүйелі көзқарас таба алмағандықтан партия ұзақ ғұмыр кеше алмады.

1993-2003 жылдар аралығында М.Шаханов Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі болды. 2001 жылдан «XXI ғасыр және Руханият» атты халықаралық элита клубының президенті, 2004 жылдан «Мемлекеттік тіл» қоғамдық қозғалысының төрағасы, 2010 жылдан «Тәуелсіздікті қорғау» атты 50-ден астам қоғамдық ұйымдардың, партиялардың, баспасөз орындарының басын қосатын халықтық-демократиялық қозғалыстың төрағасы және республикалық «Жалын» журналының бас редакторы.

М.Шахановтың «Өркениеттің адасуы», «Жазагер жады космоформуласы» (Шыңғыс ханның пенделік құпиясы) атты романдары ЮНЕСКО шеңберінде қаралы, әлемдік деңгейде қызу пікірталас тудырды. Оның шығармалары дүниежүзінің 50- ден астам тілдерінде аударылды. Автордың Ш. Айтматовпен бірлесіп жазған «Күз басындағы аңшының зары» атты кітабы мен «Сократты ескеру түні» атты драмасы да бірнеше елдің кітап дүкендерінен, сахналарынан орын тепті. Ақын өз елінің мемлекеттік дәрежесіндегі сыйлықтарынан, «Халық қаһарманы» атағынан, орден, медалдарынан жүйелі түрде бас тартты. Ол оны былай түсіндіреді. «Отан біздің ең үлкен анамыз. Әркім өз анасына еткен қызметі үшін жылу дәмеппеуі керек. Отан да өзінің даралаған перзенттерін марапаттап ортыруы шарт. Бірақ ол өте әділетті түрде шешім табу тиіс. Қазір елімізде кез келген заңдастырылған немесе заңдастырылмаған ұрылардың ең кемі екі орден, үш медалі бар. Солардың қатарында болғым келмейді. Ал шет мемлекеттер ұсынған сыйлықтарды алатын себебім, ел перзентіне көрсетілген, есепке құрылмаған риясыз құрмет сәл дн болса республикамыздың рухани мәртебесін өсіреді».

Мұхтар Шаханов – «Қырғыз Республикасының халық ақыны», жиырмадан астам шетелдік академиялардың, университеттердің құрметті докторы, профессоры. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған Орта Бағдарламасы сыйлығының, Қазақстан және Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлықтарының, Түркі Республикасының «Түркі дүниесіне қызметі үшін» халықаралық сыйлығының, Қырғыз Республикасы халқаралық «Руханият», Түркі дүниесі жазушылар бірлестігінің «Шахрияр», ЮНЕСКО -ның «Боорукер» клубы сыйлықтарының, Түркия, Әзірбайжан,

Солтүстік Кипр мемлекеттері тағайындаған «Түркі әлеміне сіңірген ерен еңбегі үшін» атағының иегері.

2002 жылы М.Шахановқа «Жазагер жады космоформуласы» атты шығармасы үшін Калифорния Ғылым, Индустрия, Білім және Өнер академиясының А.Эйнштейн атындағы Алтын медалі мен Түркияның Гебзе қаласында «Түркітілдес халықтар арасындағы ең үздік әлемі ақыны» атағы берілді. «Нобель» сыйлығы лауреаттары мен нобелшілердің халықаралық конгресінде «Нобель» ақпарат орталығы, «Нобель» қоры, Ресей жаратылыс ғылымдары академиясы бірлесіп бекіткен «Нобельдің Алтын медалімен» марапатталды.

## *Мені неге Мұхтар қойған атымды*

Мықтылардың күйін шертіп өтер күн,  
Заман - терек, адам соның бұтағы.  
Мен туғанда, досым сенің әкеңнің  
Жазылыпты Абай жайлы кітабы.  
Менің әкем соны оқып,  
Ұзақ түндер отырыпты оңаша.  
Бір биікпен табыстым деп тамаша  
Шаттаныпты балаша  
Айқара ашып аспанын,  
Жинап барлық достары мен қастарын,  
Ниетімді құптар деп,  
Бұл есімде ерекше бір құт бар деп,  
Мына мендей перзентіне сол күні  
Ат қойыпты Мұхтар деп.  
-Ха,ха,ха! Көкіректе арман көп,  
Біздің ауыл иттерінің аты да  
Келді ылғи «Бөрібасар», «Арлан» боп  
Бірақ әлі қасқыр алғын бірі жоқ, -  
Қасқыр түгіл, қоян ұстар түрі жоқ, -  
Деп күліпті төрде отырған бір кісі.  
Жұрт шаттығын су сепкендей басыпты  
Өлгі адамның әжуалы күлкісі.  
Әкем сонда бесігіме сүйеніп,  
Көп тұрыпты көңілменен құлаған.  
- Ұлым, сенен сұранам,  
Тірлігіңде бой көрсетпе жырадан.  
Ұлым, мені таба қылма мынаған,

Қыран болсаң кеңістік көп қайда да, -  
Деп сеніммен жымыяпты жай ғана.  
Мен ержеттім әлгіге қас қылғандай.  
Қас қылғандай қалжыңын тасқа ұрғандай  
Атқа міндім...  
Болса да көп арманы,  
Әкем марқұм ол күнді көре алмады  
Ұланының жырдан гүл тергендігін.  
Абай, Мұхтар бастаған елге әйгілі  
Ұлы көштің соңынан ергендігін  
Сапар сайын олжасыз боп қайтпадым  
Көрмеді әкем баяғы қалжыңбастың  
Немересі жырымды жатқа айтқанын.  
Мейлі, қасым көп болсын досымнан да  
Мейлі, мұңым сөз алсын тосылғанда,  
Борыштымын, есімін маған берген  
Сенің әкең секілді асыл жанға.  
Менің тұңғыш кітабым басылғанда,  
Үміт оты алдымнан шашылғанда  
Анам байғұс шаттықтан жарылардай  
Жыртық, ескі кебімін сүйрелектеп  
Көршілерге жүгірді күйбелектеп  
Сосын үнсіз тұрады да ойға қалып,  
Үйренбеген әлі де тойға барып.  
Менің титтей елеусіз кітабымды  
Ұлы томның қасына қойды апарып .  
Мұның не деп айтуға жарамадым  
Перзентінен даналық күтетұғын  
Әдеті ғой ежелден бар ананың  
Дей алмаймын өнерде бос қамалам  
Бос қамалсам жаныда жақсы малам  
Абай ақын бір басқа

Мұхтар басқа,  
Мен де досым, ендеше, басқа балам  
Жол іздеймін әлі ешкім бастамаған.  
Өзіме шақ көгілдір аспан алам.  
Сағынумен күн кешем мен ертеңді,  
Сүйіп өтем өлгенше кең өлкемді.  
Өткізбеймін ешкімге зорлығымды,  
Түсірмеймін ешкімге көлеңкемді,  
Заманымнан алғанша үлесімді,  
Тоқтатпаймын тағдырмен күресімді.  
Мұхтар деген – киелі ат, марқұм әкем  
Маған тегін қоймаған бұл есімді.  
Мені осынау сенімнен айырма, Отан!  
Қ/астарыма күшімді пайымдатам.  
Өзім қанша мықтыны мойындадым.  
Енді өзімді соларға мойындатам!



## *Мұхтар Шахановтың шығармалары*

### *Мұхтар Шаханов - "Төрт ана"*

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала,  
Мазмұн жоқта мазмұнсыздық шыға келер ортаға.  
Әр адамда өз анасынан басқа да,  
Ғұмырына етер мәңгі астана,  
Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,  
Болу керек құдіретті төрт ана:  
ТУҒАН ЖЕРІ – түп қазығы, айбыны,  
ТУҒАН ТІЛІ – мәңгі өнеге айдыны,  
ЖАН БАЙЛЫҒЫ, САЛТ-ДӘСТҮРІ – тірегі,  
Қадамына шуақ шашар үнемі,  
Және ТУҒАН ТАРИХЫ,  
Еске алуға қаншама  
Ауыр әрі қасіретті болса да.

Құдірет жоқ төрт анаға тең келер,  
Онсыз санаң қаңбаққа ұксап сенделер.  
Өзге ананың ұлылығын танымас,  
Төрт анасын менсінбеген пенделер.  
Төрт анадан сенім таба алмаған  
Тамырсыздың басы қайда қалмаған?!  
Төрт анасын сыйламаған халықтың  
Ешқашан да бақ жұлдызы жанбаған.

Қасиетті бұл төрт ана – тағдырыңның тынысы,  
Төрт ана үшін болған күрес – күрестердің ұлысы!



## *Ақ бантик*

Балауса қыз едің бір кезде  
Шашыңа ақ бантик байлаған.  
Өзгеріп кетіпсің бұл күнде  
Көркіңе көз тастап ойланам:

Нұрлы бейнең қандай жарқын!  
Арманысың қандай жанның?  
Шынарым-ай,  
Сен – мөлдірсің, еркем,  
Тау бұлағындай.  
Сен – мөлдірсің, еркем,  
Тау бұлағындай.

Жол жатыр шақырып алдында,  
Өмір тұр ұсынып шаттығын.  
Білмеймін бойжетіп қалдың ба?  
Шашыңда ақ бантик жоқ бүгін.

(Қайырмасы)

Нұрлы бейнең қандай жарқын!  
Арманысың қандай жанның?  
Шынарым-ай,  
Сен – мөлдірсің, еркем,  
Тау бұлағындай.  
Сен – мөлдірсің, еркем,  
Тау бұлағындай.

Жылдардың еркіне бағындың,  
Жылдарға қол создың, жан құрбым.  
Белгісін балалық шағыңның  
Айтшы, сен қай жерде қалдырдың?

## *Өмір-өзен*

Біз екеуміз бәйшешектей ерте гүлдедік,  
Қол ұстасып, бақыт жырын шертеміз дедік.  
Қарсы жүріп үйренсек те қар мен жаңбырға,  
Бірақ қарсы тұра алмадық асау тағдырға.

Қайырмасы:  
Жылдар,  
Өмірдің өзенімен,  
Ағады кезегімен.  
Сенсің көңілі ашық,  
Менің ғашық ғасырым.  
Ертеде де кеште,  
Тұрасың сен есте,  
Мен өшсем де өшпе, асылым.

Алуан гүлдер шуақ шашты бүгін бақшамда,  
Қызғанбаймын, басқа ошақтың отын жақсаң да.  
Өмір мынау, бақ пен қайғы күнде жарысқан  
Ақ тілекпен қол бұлғайсың әркез алыстан.

Жалғыз аққу таудан асып, қайтып барады,  
Сағынышын әнге қосып айтып барады.  
Сол ерке құс мұңын жалғап ерте көктемде,  
Мені есіңе ал, ауылыңнан ұшып өткенде.

## *Әке туралы жыр*

Жас едім өмірге еркін бойламаған  
Күні ертең не боларын ойламаған  
Шарықтап кетсем  
Дағы қанат қағып  
Өзіндей қамқор әке қайда маған  
Шарықтап кетсем  
Дағы қанат қағып  
Өзіндей қамқор әке қайда маған

Жан әке, шертіп сезіп  
Домбырасын  
Кеудемді қуанышқа толтырасың  
Арманның асқарына құлаш ұрсам  
Алдымда асқар тау боп  
Сен тұрасың  
Арманның асқарына құлаш ұрсам  
Алдымда асқар тау боп  
Сен тұрасың

Бұл күнде мен де  
Өзеннің арнасымын  
Кім мөлдір болса  
соның жолдасымын  
Қуан сен, қуана бер, әкетайым  
Мен сенің өміріңнің жалғасымын  
Қуан сен, қуана бер, әкетайым  
Мен сенің өміріңнің жалғасымын

## *Жұбайлар жыры*

Қуаныш пен бақыттан мүсіндеген,  
Келбетіңнен сенімнің күшін көрем.  
Сен сияқты мені ешкім еркелетіп,  
Сен сияқты мені ешкім түсінбеген.

Қайырмасы:

Асыл жарым,  
Жайнаған жасыл бағым.  
Бағаласаң - бақытыңмын,  
Сағынсаң - қасыңдамын.  
Арманды дара қумаймыз.  
Құстың қос қанатындаймыз.  
Жүректе от жанып,  
Тауларды бетке алып,  
Бірге ұшып барамыз болашаққа.

Сен бар жерде керегем кең сияқты,  
Кең сияқты, терезем тең сияқты.  
Ешкім мені дәл сендей өкпелетіп,  
Жұбата да алмаған сен сияқты.

Шаттығымның бастауын сенен көрдім,  
Сенен көрсем қалайша төмендермін.  
Енді, сәулем, бәрі де әділетсіз,  
Бізді бақсыз, бақытсыз дегендердің.

## *Айналайын*

Өзің едің тірегім де  
Жыр боп тұндың жүрегімде  
Мені сендей түсінетін  
Кім бар екен бұл өмірде

Қайырмасы:

Жарқын құшақ жайған айым  
Ниетіңе сай болайын  
Мені сүйген жүрегіңнің  
Лүпілінен айналайын  
Мені сүйген жүрегіңнің  
Лүпілінен айналайын  
Саған мәңгі борыштармын  
Көңіліме қоныстандың  
Азаматтың ажарына  
Мақтау айтсам намыстандың

Қайырмасы:

Әнің әнге жалғассын деп  
Келеді арман алға сүйреп  
Менің кедем өрге жүзсе  
Сен қуандың алғашқы рет

Қайырмасы:

Жарқын құшақ жайған айым  
Ниетіңе сай болайын  
Мені сүйген жүрегіңнің  
Лүпілінен айналайын  
Мені сүйген жүрегіңнің  
Лүпілінен айналайын

## Естелік фотолар



Шыңғыс Айтматов екеуіміздің драмында туыстықтан да артық, бағалық-інділік махаббатқа жалғанған, кетінші түйсікпен астақан өзгеше достық сезім болды.



Мен балалары мен әйелдерінің ортасында.



Дінмұхамед Қонаевпен бірге, 1991 жыл.



«80 жылдық тойына, Мақашқалаға барғанымда аға-досым Расул Ғамазатов үстіме тау елінің сеңсең ақ буркасын жапты». 2003 жыл.





Аға-досы Ш.Калдаяқовпен. Қазақтың екі дара перзентінің достығы қазаққа небір тамаша әндер сыйлады.



Қазақстан Жазушылар одағының жиынында. Айбергенов, Е.Әкімқұлов және М.Шаханов. 1986 жыл.



Тобасқилық демаліс. Жұбайы ақшайым, қызы Дишарзекпен әлемдегі тұңғыш мұрағат аламын. Бірге.

М.Шаханов Соко Гаккай университетінің құрметті профессоры. Токио, 2001 жыл.



Ш. Айтматов, Е. Евтушенко, М. Шаханов. Қырғыз Алатауы баурайында. 1997 жыл.



КСРО-ның соңғы бас хатшысы М.С. Горбачевпен бірге.





## *Дүлей дауылдың дауылпаз ақыны*

*Кітап көрмесі*

### *I - бөлім. Ұлт үшін жырлаған ақын*

(Ақынның шығармалары)

*Дәйек сөз:* Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда,  
Үлкен бақыт табу үшін ғаламда,  
Үлкен болып қалу үшін ғаламда,  
Үлкен арман керек екен адамға

М.Шаханов

### *II -бөлім. Рухты -ғұмыр*

(Ақын шығармашылығы туралы)

*Дәйек сөз:*

Әр адамда өз анасынан басқа да,  
Ғұмырына етер мәңгі астана,  
Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,  
Болу керек күдіретті төрт ана  
Туған жері – түп қазығы, айбыны,  
Туған тілі – мәңгі өнеге айдыны,  
Жан байлығы, салт -дәстүрі – тірегі  
Қадамына шуақ шашар үнемі  
Және туған тарихы

М.Шаханов

### *III-бөлім*

*Қарағайға қарсы біткен бұтақтай*

(Қоғам қайраткері ретінде)

*Дәйек сөз:* Шынында Мұхтар әлемі-  
Сикырлы сұлу дүние  
Ойлантар отты өлеңі,

Ұрпағы оған шын ие!

**Ғұмырдария**  
(әдеби-әуенді кеш)

Ер қадірін тасалаудан  
Қай ел опа тауыпты?!  
Иә, ерлікті жасамаудан  
Бағаламау әлде қайда қауіпті  
М.Шаханов

**Жүргізуші:** Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны атанған, бірнеше шетел академияларының мүшесі, ондаған халықаралық сыйлықтардың, соның ішінде Біріккен Ұлттар ұйымы Қоршаған орта Бағдарламасының «Ғалам -500» сыйлығының иегері, есімі алтын кітапқа енгізілген күрескер, Қазақстанның халық жазушысы М.Шаханов шығармашылығына арналған «Ғұмырдария» әдеби кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

а) «Мені неге Мұхтар қойған?» Мұхтар Әуезовке арналған өлең

ә) «Ақ бантик» әні

**Жүргізуші:** Мұхтар Шаханов – бұл күнде азаматтығы мен поэзиясын күллі әлем мойындаған ақын.

Мұхтар поэзиясының ерекшелігі – адам жанына пайдалы рухани дәрумен секілді қажеттілігі – адам жанына пайдалы рухани дәрумен секілді қажеттілігі мен пайдалылығында, азаматтықты ақындықтан биік қоятындығында. Бақыт жайлы өзіне сұрақ қойып, өзінің жауапты дәл бере білуі де адамдығының, азаматтығының бір көрінісі іспетті.

а) «Бақыт геометриясы» өлеңі

б) «Айналайын» әні

**Жүргізуші:** М.Шаханов үшін ең қымбат нәрсе- өлеңнің түрі емес, ішкі мазмұны. Жалпы нені жырласа да -достықты

ма, махаббатты ма, табиғатты ма, тереңнен тартып, философиялық ойға құру, күтпеген тың байламдар жасау- Мұхтар шығармашылығына тән ерекшеліктің бірі.

а) «Ғашықтық ғаламатынан» қыз анасының сөзі

**Жүргізуші:** («Ғашықтық ғаламаты» оқырда)

Атақты «Қорлан» әнінің авторы Естай ақын 72- ге келіп, тіршілікпен қоштасар шағында аласұрып жан досы Нұрлыбекті іздепті. Екі күндік қашық жерде тұратын Нұрлыбек аттан құлап, аяғын сындырып алғанына қарамастан арбаға жамбастай жатып досына жеткен екен. Сонда Естай әбден жұқарып тозуға айналған сұқ саусағындағы жүзігін көрсетіп: «Сүйегіме кіретін қарттарға ескерт. Мына жүзікті жарты ғасыр қолымнан тастамай келгенімді білесің. Ендеше қалған ғасырларда да сыйдырған қайран Қорланым-ай!» деп ағыл-тегіл жылапты.

Бірде осы оқиғаны М.Шаханов Евгений Евтушконьң үйінде шетелдік достарымен отырғанда әңгімелегенде итальян мүсіншісі орнынан тұрып:

«Мұнда сүйгеніне қосыла алмаған естай ақынның сағынышы мен зары ғана емес, бүкіл бір ұлттың махаббатқа деген мінезі мен ерлігі жатыр екен. Осы Естай мен Қорланды туған халықтың денсаулығы үшін тост көтерейік» депті. Ал сол сәтте М.Шахановтың төбесі көкке екі – ақ елі жетпей қалып, сол толқаныстан «Ғашықтық ғаламаты» туған екен.

а) Көрініс – Естай мен Қорлан (аталған шығармадан үзінді)

**Жүргізуші:** Рас, М.Шаханов ақын есебінде көшілікке та кеңінен танылды. Әдебиетіміздің ғұлама қариясы Ғабит Мүсірепов оның ақындығын жоғары бағалады; әлемдік деңгейдегі ақын-жазушылар мойындады; бірақ кірпияз, кінәмшіл замандас мұның бәрін жолы болғыштықтың, сәті түскіштіктің есебіне жорып, оның қоғамдағы, поэзиядағы орнын елемеуге тырысты. Қазақтың зиялы қауымында кімнің

кім екенін айқындап берген-1986 жылдың желтоқсаны еді. Желтоқсан оқиғасының құрбаны болған жазықсыз жандардың жоқшысы болып, өз тағдырын қылыштың жүзіндей қатерге байлап, халық назарының биігіне ақын М.Шаханов көтерілген еді.

а) «Желтоқсан алаңы» өлеңі

**Жүргізуші:** М. Шахановтың Аралды құтқару тұрғысындағы көкейкесті мәселелері, көрсеткен қажыр – қайратын қалың қауым жоғары бағалады. Міне, осылай М.Шаханов елінің жоғын жоқтағанда «Невада -Семей» қозғалысын басқарып, ел мәселесін көтергеннің бірі Олжас Сүлейменов еді.

«Біз қазақтың екі ақыны біргеміз» өлеңі (Олжас Сүлейменов)

**Жүргізуші:** Шаханов поэзияға алғаш келген күннен бастап ел тағдырын жырлаудан жалыққан жоқ. «Сейхундария», «Сенім патшалығы» секілді философиялық поэмаларында ақиқат пен жалған, аенім мен күдік, махаббат пен сатқындық секілді рухани өмір өлшемдері мен болмыс заңдарына бойлай отырып, бар жақсылықтың басы – туған анаға, туған жерге сүйіспеншілікпен басталатынын дәлелдейді.

М.Шаханов туған жерді, асыл жарды, айнымас досты сүю бір-бірінен ажыратуға болмайтын бір -ақ құбылыс деп қарайды.

а) «Шың басындағы оқиғадан» көрініс

ә) «Жұбайлар жыры» әні

**Жүргізуші:** Туған ел қондырады атқа мені....

Тәңірім сақта мені!-

«Тіл, діл, рух – ұлттың қаны, жаны, тамыры. Осы үш ұлы байлығын уысынан шығармайтын, үш ұлы болмысының бүтіндігін ойлайтын халық- нағыз ұлы халық» деп Халқына үміт артады. Ұлтының үнін жырлаған ақын халқы үшін елінің болашағы үшін дүлей дауылдың дауылпазына айналғаны айдан анық.

«Төрт ана», «Ғұмырдария» өлеңдері оқылады.

## ***Мазмұны***

<i>Ғұмырнама</i> .....	4
<i>Мені неге Мұхтар қойған атымды</i> .....	7
<i>Мұхтар Шахановтың шығармалары</i> .....	15
<i>Естелік фотолар</i> .....	19
<i>Баспасөз бетіндегі Шаханов</i> .....	21
<i>Ақын туралы лебіздер</i> .....	22
<i>Дүлей дауылдың дауылпаз ақыны (кітап көрмесі)</i> .....	23
<i>Ғұмырдария ( әдеби- әуенді кеш)</i> .....	26

## *Пайдаланылған әдебиеттер*

1. *М.Шахановтың жұрт жатқа айтып жүрген жырлары Алматы «Жалын» 2011*
2. *М.Шаханов «Дәуір дастандары» Алматы «Жазушы» 1993*
3. *М.Шаханов «Ұлт анасы-тіл» Алматы 2010*
4. *М.Шаханов «Таңдамалы жырлар» Алматы «Дәуір» 1992*
5. *М.Шаханов «Мәңгүрттенбеу марсельезасы» «Рух-Дария» 2008*
6. *М.Шаханов «Махаббатты қорғау» Алматы 2012*
7. *М.Шаханов «Ғашықтық ғаламаты» Алматы «Өнер» 2012*
8. *Аңыз адам журналы № 12 маусым 2012 жыл*